

ҚАСЫМНЫҢ

ЖЫР-ЖАУҢАР КЕШІ

Ұлттық әдебиетіміздің жарық жұлдызы, мәңгі сөнбес шамшырағы Қасым Аманжолов өмірден ерте кеткенімен, болашақ ұрпаққа мол мұра қалдырды. Бейбіт өмірді, қан майданды, туған жер мен ата-ананы, достық пен махаббатты, көңіл күй мен табиғатты биік парасаттылықпен, шынайы сезіммен, зор тебіреніспен жырлады.

Осы орайда Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында Алаштың аңызға айналған ақыны, хас талант Қ. Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Жыр жазамын Қасымның үлгісімен» атты «Жыр-жауһар» поэзия клубының кезекті отырысы өтті.

Өткізілген іс-шараға «Болашақ» университетінің филология ғылымының кандидаты Құралай Қалиева қатысты. Ол Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығына толық тоқталып, мағыналы да мәнді әңгіме өрбітті. Сонымен қатар, ақын туралы бейне көрініс көрсетілді. «Жыр Жауһар» поэзия клубының мүшелері Қ. Аманжоловтың өлеңдерін және ақынға арнаған өз арнауларын нақышына келтіре оқыды.

Отырысты Айжан Тілеуханованың тамылжыта шырқаған әндері әрлендіре түсті. Соңында кітап көрмесіне әдеби шолу жасалды.

Өз тілшімізден.